



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 15 тамыз

Жаңартылған мәліметтері жоқ акционерлерге дивидендтер төлеу мәселесін реттеу туралы

2018 жылғы 2 шілдеде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және сақтандыру қызметі, бағалы қағаздар нарығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 166-VI Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, оған сәйкес 2019 жылғы 1 шілдеден бастап акционерлік қоғамның қоғам акциялары бойынша дивидендтер төлеу тәртібі оңтайландырылады.

Көрсетілген тәртіп қоғам акциялары бойынша дивидендтер төлеу үшін бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесінде де, эмитенттің өзінде де бар деректемелер туралы мәліметтерді пайдалануға болатындығын көздейді.

Акционердің жаңартылған деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда, оған тиесілі дивидендтер оның «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-тың есепке алу шотында ашылған талап етілмеген ақшаны есепке алуға арналған арнайы шотына аударылатын болады. Өз кезегінде, акционер «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-қа өтініш жасау арқылы кез келген сәтте осы шоттан дивидендтерді талап етуге құқылы болады.

Бұл шара жаңартылған мәліметтері жоқ акционерлерге қоғам акциялары бойынша дивидендтер есептеу және төлеу проблемасын шешуге мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта осындай акционерлерге есептелген дивидендтер сомасы акционерлік қоғамның кредиторлық берешегі ретінде есепке алынған.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz